

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезіндегі
2023-2024 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер

| Қызметі | Мерей той иелері | Туылған айы | Өтілетін мерзімі | Нәтиже |
|--|---|-------------|------------------|--------|
| Суфизм поэзиясының негізін қалаушы, барлық Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама | Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл | Қыркүйек | Қыркүйек | |
| Мәдениеттанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, Мұхтар Әуезов Қорының Президенті | Мұрат Әуезовтің туғанына 80 жыл | Қыркүйек | Қыркүйек | |
| Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург | Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл | Қыркүйек | Қыркүйек | |
| 1223-1277 жылдары билік құрған, Египетте мамлюк мемлекетінің негізін қалаған Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ұлы | Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл | Қазан | Қазан | |
| Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі | Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл | Қазан | Қазан | |
| Ұлы жүздің биі Төле бидің туғанына 360 жыл XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Қазақ жырауы, мемлекет қайраткері | Бұқаржырау Қалқаманұлының туғанына 355 жыл | Қазан | Қараша | |
| Қазақтың батыры, көрнекті ақыны | Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл | Қазан | Қараша | |
| Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор | Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл | Қазан | Желтоқсан | |
| Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым | Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл | Қазан | Қаңтар | |
| Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптас-тырушылардың бірі | Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл | Қазан | Қаңтар | |
| Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы | Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл | Қазан | Ақпан | |
| Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақылойшысы, демократ ақыны | Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл | Қазан | Ақпан | |
| Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері | Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл | Қазан | Наурыз | |

| | | | | |
|--|------------------------------------|-------|-------|--|
| Қазақстанның халық қапарманы, халықаралық Чадеев атындағы Сыйлықтың лауреаты, партизан-жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры | Қасым Қайсеновтің туғанына 100 жыл | Сәуір | Сәуір | |
| Қазақ жазушысы, редакторы. Ұлы Отан соғысының қатысушысы | Кемел Тоқаевтың туғанына 100ж | Қазан | Сәуір | |
| Қазақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басшысы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі, жазушы | Ғафу Қайырбековтің туғанына 95 жыл | Мамыр | Мамыр | |

Абай күні

Жыл сайын 10 тамызда Қазақстанда Ұлы қазақ ақыны, ойшыл, ағартушы, жазбаша қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ Абай күні атап өтіледі. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың туған күні (1845 жылғы 10 тамыз) «Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 4 тамыздағы № 495 қаулысына сәйкес ресми түрде Қазақстанда мереке күні болып атап өтіледі